



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№34 (1991) 29 ҚЫРКҮЙЕК 2025 ЖЫЛ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

АҚОРДА, 2025

ЗАСЕДАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО СОВЕТА ПО НАУКЕ И ТЕХНОЛОГИЯМ
ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Ғылым мен технология — стратегиялық мәселе

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысына қатысты.

нымен қатар ұлттық ғылымды дамыту, жасанды интеллектіні тиімді пайдалану, жаңа технологияларды іске асыру мәселелері сөз болды.

Президент ғылым мен технология барлық мемлекеттер үшін стратегиялық маңызы бар мәселе екеніне назар аударды.

«Бүгінде кез келген елдің әлемдегі орны ғылымның даму деңгейіне қарай анықталады. Экономикалық өсім ғылымға тікелей байланысты, бұл – аксиома. Түрлі мемлекеттер арасында технологиясы дамыған озық ел

болу үшін күрес жүріп жатыр. Орталық Азиядағы бәсеке-лестік те күшеюде, бұл түсінікті, заңды үрдіс. Сондықтан біз де осы салаға баса мән беруіміз керек, нақты нәтижелерге қол жеткізуіміз қажет», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлы жиында көтерілген маңызды мәселелер мен ұсыныстар алдағы уақытта ескерілетінін айтып, өз пікірін ортаға салған ғалымдарға ризашылығын білдірді.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



Жаңа Қазақстанды құруда ғылыми қауымдастықтың рөлі зор

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері мен жас ғалымдары!

Сіздерді 1 қазан – Қазақстан Республикасының Жоғары білім қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміз бойынша биыл екінші рет аталып өтіп отырған бұл атаулы күн университеттер мен жоғары білім саласындағы қызметкерлерді ынталандыру мен олардың әлеуетін арттыруда маңызды орын алады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында: «Бес жылда білім мен ғылым саласына салынған инвестиция бес есе өсті. Зерттеу университеттері көбеюде, олардың өндіріспен байланысы нығайып келеді. «Университет – зерттеу – инновация – коммерция» кешенді

жүйесі орнығып жатыр. Бұл үдеріске күшті серпін беріп, оны таяу арада толығымен енгізу керек», – деп атап өтті. Осы ауқымды мақсаттарды тиімді іске асыру жолында университетімізде еңбек етіп жүрген оқытушы-профессорлар, қызметкерлер мен жас ғалымдарға үлкен үміт артамын. Мемлекет басшысы белгілеген әділетті, қуатты, таза әрі қауіпсіз Қазақстанды құру жолында ғылыми қауымдастықтың қосар үлесі зор болмақ. Бұл жолда сіздер нәтижелі еңбек етіп, абыройлы қызмет атқарады деп сенемін.

Кәсіби мерекелеріңізде сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке тілеймін!

Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы –
Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

QS басшыларымен кездесу

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев халықаралық рейтингтік ұйым – QS Quacquarelli Symonds компаниясының өкілдерімен кездесу өткізді.

Делегация құрамында QS компаниясының бас коммерциялық директоры Джейсон Ньюман, ЕАЭО және QS жаһандық үкіметі елдеріндегі клиенттермен әріптестік жөніндегі

өңірлік директоры Сергей Христюков бар.

Жүздесуде университеттің халықаралық рейтингтердегі қазіргі позициясы талқыланып, ҚазҰУ-дың QS World University Rankings рейтингіндегі орнын нығайтуға қатысты ұсыныстар айтылды.

Университет басшысы Жансейіт Түймебаев ғылыми инфрақұрылымды жаңғыртудың маңыздылығын атап өтіп, университет базасында жаңа заманауи зертханалардың ашылғанын хабарлады. Бұл зертханалар іргелі және қол-

данбалы зерттеулер жүргізуге, инновациялық технологияларды енгізуге, сондай-ақ бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

Сергей Христюков ҚазҰУ өңірдің жетекші жоғары оқу орындарының «лигасында» ерекше орын алатынын айтып, университетте әлемнің басқа да жоғары оқу орындарында енгізуге болатын көптеген әзірлемелер, озық тәжірибелер мен бірегей тәжірибелер бар екенін атап өтті.

Осы кездесудің алдында Алматыда QS World University



Rankings 2026 сертификаттарын тапсыру бойынша салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 166-орын-

ға ие болып, Қазақстаннан әлемдік үздік 200 жоғары оқу орны қатарына енген жалғыз университет атанды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Жаңа мүмкіндіктер кезеңі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Математика, механика және ақпараттық технологиялар» атты X халықаралық ғылыми конференция өтті. Ауқымды ғылыми шара ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

Конференцияға Қазақстан, АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Италия, Ресей, Португалия, Пәкістан, Әзірбайжан, Литва, Грузия және басқа да елдердің көрнекті ғалымдары мен сарапшылары қатысты.

Алқалы жиынды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, цифрлық технологияның маңызына тоқталды. «Цифрлық технологиялардың дамуы – жаңа мүмкіндіктер мен сын-қатерлер кезеңі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында жасанды интеллектіні басым бағыт ретінде атап өтті. Бүгінде бұл – тек зерттеу нысаны ғана емес, сонымен қатар инженерлік және өндірістік міндеттерді шешудің қуатты құралы. Университетіміз осы бағытта белсенді ғылыми жобалар жүргізіп, жас ғалымдар мен студенттерді



инновациялық қызметке кеңінен тартуда», – дей келе, ректор университеттің ғылыми орталықтары атқарып жатқан зерттеу жұмыстарымен таныстырды.

Сонымен қатар ашылу салтанатында ҚР Ұлттық инженерлік академиясының президенті Бақытжан Жұмағұлов, ҚР ҰҒА академигі Айдархан Қалтаев, Ресей ҒА корреспондент-мүшесі Сергей Кабанихин сөз сөйлеп, математика мен механиканың іргелі мәселелері жайлы пікір білдірді.

Үш күнге созылған халықаралық жиын аясында әлемдік деңгейдегі ғалымдардың қатысуымен пленарлық мәжілістер; математика, механика, IT салалары бойынша секциялық отырыстар; жас зерттеушілер өз жобаларын ұсынатын стендтік сессиялар; «Ғылым мен инженериядағы жасанды интеллект: сын-қатерлер мен мүмкіндіктер» атты дөңгелек үстел және өзге де шаралар өтті.

Конференция барысында ҚР және РФ Ұлттық ғылым академияларының академиктері, Питтсбург университеті, Падуа университеті, Лондон университеті (Queen Mary), Назарбаев университеті және өзге де жетекші ғылыми орталықтардың профессорлары баяндама жасады. Сондай-ақ үздік баяндамалар мен зерттеулер арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Басқосуда математика мен механиканың іргелі және қолданбалы мәселелері, робототехника, ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект саласындағы соңғы жетістіктер талқыланды.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



Шетелдік ғалымдарды көшбасшылық дәріс оқуға шақырды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Математика, механика және ақпараттық технологиялар» атты X халықаралық ғылыми конференциясына қатысуға келген шетелдік ғалым-сарапшылармен кездесу өткізді.

Құрметті қонақтар қатарында Литвадағы Витаутас Магнус университетінің өкілі Леонидас Сакалаускас, Питтсбург университетінің ғалымы Пейман Гиви, Португалиядағы Лиссабон жоғары инженерлік институтының ғалымы Паулу Тригу, С.Л.Соболев атындағы Математика институтының өкілі Сергей Кабанихин, Италияда орналасқан Падуа университетінің зерттеушісі Пьер Доменико Ламберти және өзге де ғалымдар бар.

Жүздесуде қазақстандық және шетелдік ғалымдар арасындағы байланысты дамыту мәселесі сөз болды.

Оқу ордасының басшысы Жансейіт Қансейітұлы ҚазҰУ-

да өткен ауқымды іс-шараға арнайы АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Италия, Ресей, Португалия, Пәкістан, Әзірбайжан, Литва, Грузиядан келген ғалымдарға шынайы ризашылығын жеткізді.

«Математика, механика және ақпараттық технологиялар» атты X халықаралық ғылыми конференциясы IT, жасанды интеллект, математика, механика, робототехника саласындағы түйткілді мәселелерді талқылауға және оң шешімін табуға жол ашты. Әр ғалым жасаған баяндаманың артында көп еңбек жатыр. Сіздер көтерген барлық бастама қазіргі таңда өте өзекті. Осы тұрғыда баршаңызды ҚазҰУ-да көшбасшылық дәріс оқуға шақырамын. Бұл университеттің білім алушы жастары үшін өте құнды дәріс болатынына сенімдімін», – деді ректор.

Өз кезегінде шетелдік ғалымдар университет басшысы айтқан бастамаларды қолдайтынын және ҚазҰУ зерттеушілерімен бірге ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыратынын жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Үндістанның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Сайлас Тхангалмен келіссөз жүргізді.

Оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев өз сөзінде ҚазҰУ мен Үндістан жоғары оқу орындары арасындағы өріптестік байланыс қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Бүгінгі таңда 10 үндістандық университет ҚазҰУ-мен тығыз жұмыс істеп келеді. Дегенмен Жансейіт Түймебаев алдағы уақытта ғылыми бағытта ынтымақтастықты жандандыру, студенттер алмасу, білікті мамандарды бірлесіп даярлау қажет екенін жеткізді.

«Үндістаннан келетін студенттердің көбі медицина фа-

Үндістанның 10 университетімен тығыз байланыс орнаған



культетін таңдайды. Бұл жоғары сұраныстың бар екенін

дәлелдейді. Болашақта ҚазҰУ-дағы өзге мамандықтарға сту-



денттерді тарту аса маңызды. Бұған қосымша қос тарап ор-

тақ конференциялар өткізіп, ғалымдардың тағылымдамалардан өтуіне жағдай жасауымыз керек. Сондай-ақ Үндістан кітапханаларында Қазақстан мен Орталық Азия тарихына қатысты деректер болса, университет ғалымдары ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайын», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде елші Сайлас Тхангал жүздесуде айтылған барлық бастамаларды қолдайтынын айтып, ҚазҰУ мен Үндістандағы көшбасшы ЖОО-лар арасындағы серіктестікті дамытуға бар күш-жігерін салатынын жеткізді.

Жүздесуден соң Сайлас Тхангал ҚазҰУ-да білім алып жатқан үндістандық студенттермен кездесті. Елші жастардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, білім алуда белсенділік танытуға шақырды.

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Бейжің бизнес және технологиялар университетінің (BTBU) делегациясымен кездесті. Басқосуда тараптар академиялық мобильділікті дамыту, бірлескен ғылыми жобалар мен ақпарат алмасуға бағытталған ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Университет басшысы өз сөзінде ҚазҰУ шетелдік серіктестер, соның ішінде Қытай университеттерімен тығыз байланыста академиялық және ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асырып жатқанын атап өтті.

Ынтымақтастық аясында бірлескен жобалар, ғылыми зерттеулер мен білім беру мобильділігін дамыту бойынша жаңа мүмкіндіктер қарастырылды. Сонымен қатар меморандумның білікті кадрлар даярлау мен инновациялық бағыттарды кеңейтудегі стратегиялық маңызы ерекше айтылды.

BTBU президенті Го Цзянь-

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жаңадан ашылатын ғылыми орталықтардың дайындық жұмыстарын пысықтады.

Алдымен оқу ордасының ректоры жөндеу жұмыстары жүріп жатқан ұшқышсыз ұшу аппараттарын әзірлейтін цехты көрді. Мұнда болашақта ҚазҰУ мен қытайлық компания бірлесіп ұшқышсыз ұшу аппараттарын бірлесіп әзірлеп, қолданысқа енгізбек. Оқу ордасының базасында дайындалатын дрондарды түрлі салада қолдануға болады.

Қазіргі таңда ғылыми цехқа қажетті алаң ҚазҰУ тарапынан дайындалып, жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ал «Юань Чжэнь» компаниясы қажетті техника және аппараттармен қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Жансейіт Түймебаев Ми институтындағы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ аумағында құрылыс және жөндеу жұмыстарын атқарып жатқан шаруашылық қызметкерлерімен кездесті.

Ректор университеттің шаруашылық саласындағы жұмысшылардың еңбегін ерекше атап өтіп, олардың еңбекақысын кезең-кезеңімен өсіру жоспарланып отырғанын жеткізді.

Бүгінде білім ордасының базасында Farabi HUB, Робототехника және мехатроника бойынша компетенция орталығы, Жерді қашықтықтан зондтау орталығы, Суперкомпьютер

Бірлескен жобалар іске асады



хуа екі университет арасындағы ынтымақтастықтың зор әлеуетіне назар аударып, муниципалды мемлекеттік университеттің жұмысына деген қызығушылық үшін алғыс білдірді.

Кездесу қорытындысында академиялық алмасу мен мобильділікті дамыту, бизнес білім беру және ғылыми-зерттеу бағдарламалары бойынша

бірлескен жұмыс, зерттеу материалдары мен нәтижелерін бөлісу, ғылыми конференциялар, семинарлар, симпозиумдар ұйымдастыру, студенттер мен оқытушылар үшін ғылыми тағылымдамалар мен практикаларды өткізу сияқты ынтымақтастықтың мақсаттары мен принциптері құжатпен бекітілді.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Ғылыми орталықтардың дайындығы пысықталды



MPT орталығына барды. Оқу ордасының басшысына жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижелері туралы баяндалды.

Ғылыми орталықтарды аралап көрген жоғары оқу орнының басшысы жауапты мамандарға құрылыс және жөндеу жұмыстарын сапалы және уақтылы

аяқтауды тапсырды. Сондай-ақ ректор өз сөзінде орталық заманауи үлгіде жасақталатынын жеткізді. Аталған нысандар университеттің ғылымды дамытуға және студенттердің оңтайлы білім алуларына үлкен септігін тигізетінін атап өтті.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Құқықтық статистикаға талдау жүргізеді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті арасында ынтымақтастық орнады. Құжатқа университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен комитет төрағасы Сәбит Нұрлыбай қол қойды.

Бұл келісім – Мемлекет басшысының болжау және талдау жұмысын жақсарту жөніндегі тапсырмасын орындаудың тағы бір маңызды қадамы.

Меморандум құқық қорғау органдары мен ғалымдардың күшін біріктіріп, қылмыстық қауіптердің алдын алу мен қоғамдық қауіпсіздік мәселелерін шешуде жаңа, тиімді жолдар табуға бағытталған.

Ректор Жансейіт Түймебаев құжаттың стратегиялық маңызын атап өтіп, «Бұл меморандум университет пен мемлекеттік орган арасындағы сенім мен жауапкершіліктің нақты көрінісі. Біз студенттеріміздің білімін тек теориямен шектемей, нақты тәжірибемен ұштастыратын боламыз», – деді.

Комитет төрағасы Сәбит Нұрлыбай өз кезегінде: «Ынтымақтастық комитеттің ірі мәліметтерін академиялық ортадағы әдістемелік сараптамамен біріктіріп, құқық қорғау органдарының жұмысына қолданы-



латын модельдерді жасауға мүмкіндік береді», – деп сенім білдірді.

Сонымен қатар, меморандумға сәйкес, университетте жуырда құрылған Қылмыстық қауіп-қатерлер мен қоғамдық қауіпсіздік тәуекелдерін болжау орталығының жобаларына IT бағытындағы жоғары курс студенттерін тарту көзделген. Олар мемлекеттік ортада тәжірибеден өтіп, аналитикалық құралдарды жетілдіруге үлес қосады.

Тараптар ынтымақтастықтың басты мақсаты – құқық бұзушылықты болжау мен ерте ескерту жүйесін әзірлейтін жаңа аналитикалық мектеп құру екенін атап өтті. Бұл Қазақстанның «Заң және тәртіп» концепциясын іске асыруға мүмкіндік береді.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Шаруашылық қызметкерлері еңбегі елеулі

орталығы, 10 ғылыми зертханадан тұратын Тұрақты даму орталығы, Chemical Coating Innovations ғылыми-өндірістік орталығы, BASF Mining Solutions техникалық қызмет зертханасы, Цифрлық технологиялар және робототехника халықаралық институты мен Робототехника орталығы ашылған. Бұған қосымша жатақханаларда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оқу корпусы мен аудиториялар жаңартылды.

ҚазҰУ қалашығында іске қосылған осы орталықтардың бой көтеруіне шаруашылық қызметкерлерінің үлесі зор.

Мемлекет басшысы Қасым-




Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Быыл – Жұмысшы мамандықтар жылы. Осыған орай, маңызды іс-шаралар мен жобалар жүзеге асырылмақ. Еңбек адамының абырой-беделін арттыру үшін нақты жұмыс жүргізіледі», – деп атап өткен болатын.

Осы тұрғыда аталған нысандарда өрлеу, тазалау және жөндеу жұмыстарын атқарған жұмысшыларды ынталандыру мақсатында оларға арнайы сыйақы берілді.

«Сіздер университет дамуына елеулі үлес қосып келесіздер. Біз жұмысшы мамандықтарын дөріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», – деді Жансейіт Түймебаев.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атын-
дағы Қазақ ұлттық
университетінің геогра-
фия және табиғатты
пайдалану факультетін-
де ерекше маңызды
оқиға орын алды.
Тұрақты даму бойынша
ЮНЕСКО кафедрасын-
да биология ғылымының
кандидаты, доцент
Батыргелді Шымшықов-
тың есімі берілген оқу
зертханасы ашылды.
Бұл игі іс – өмірін
топырақтану ғылымына
арнаған ғалымның
еңбегіне көрсетілген
үлкен құрмет.



Жас ғалымдарға арналған ТАҒЫЛЫМ ОРДАСЫ

Батыргелді Ерденұлы атындағы оқу зертханасы ашылды

Ғалымның өмір жолы мен ғылыми қызметін баяндасақ, Батыргелді Ерденұлы 1946 жылы 19 желтоқсанда Ақмола облысының Сандықтау ауданы Амангелді ауылында дүниеге келген. 1965-70 жылдары ҚазМемАШИ-де топырақтану және агрохимия мамандығын меңгеріп, кейінгі жылдары еліміздің ғылымы мен жоғары білім саласында жемісті еңбек етті. 1972 жылдан бастап Қазақ КСР Ғылым академиясының Топырақтану институтында аға инженерден аға ғылыми қызметкерге дейінгі сатылардан өтті. 1991 жылы биология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғады. Одан кейінгі жылдары ҚазҰУ-дың топырақтану, экология, ботаника, молекулалық биология кафедраларында қызмет атқарып, жас ғалымдар мен студенттерге тәлімгер болды. Сонымен қатар топырақ экологиясы, агрохимия, жер кадастры, балама егіншілік

жүйелері, рекультивация және мелиорация мәселелерін зерттеу арқылы Қазақстан ғылымына сүбелі үлес қосты. Ғалымның ғылыми-зерттеу қызметі еліміздің түрлі аймақтарын – Арал маңы, Каспий өңірі, Солтүстік, Батыс және Орталық Қазақстан топырақтарын қамтыды. Оның еңбектері топырақ

құнарлылығын сақтау, өндірістік ластануларды бағалау, экожүйелерді қорғау және тұрақты табиғат пайдалану ісінде маңызды орын алды.

Жаңа зертхана – жас ғалымдарға арналған тағылым ордасы. Батыргелді Ерденұлының есімі берілген оқу зертханасы студенттер мен магис-

транттарға топырақ үлгілерін талдау, экологиялық мониторинг жүргізу, ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға зор мүмкіндік береді. Лаборатория заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, оқу процесін тәжірибемен ұштастыруға бағытталған.

Жаңа оқу зертханасы топырақтану және экология бағыттарына арналады. Мұнда студенттер мен жас зерттеушілер топырақ құнарлылығын сақтау, экожүйелерді қорғау және ластанулардың салдарын бағалау бойынша тәжірибелік зерттеулер жүргізеді. Сонымен бірге зертхана жұмысы БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары – жер ресурстарын тиімді пайдалану, климаттық өзгерістерге бейімделу, биоәртүрлілікті сақтау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ сапалы, әділетті және инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету және баршаға өмір бойы оқу мүмкіндіктерін ілгерілету бағыттарымен тығыз байланысты.

Лабораторияның құрал-жабдықтары



НПЛ-2 үстел үсті топырақ зертханасы

НПЛ-2 үстел үсті топырақ зертханасы топырақ жағдайының негізгі химиялық, сондай-ақ морфологиялық және физикалық көрсеткіштерін бағалауға арналған.



Фотоколориметрия үшін төсеу жиынтығы

Фотоколориметр өлшеу жүргізудің тиісті әдістемелері табиғи және ағынды суларды, технологиялық ерітінділерді және топырақ пен ауа сынамаларының сығындыларын талдау үшін зертханалық және далалық жағдайларда қолданылады.



AM-7 топырақ бұрғысы

AM-7 топырақ бұрғысы құрылымы бұзылмаған еріген топырақ сынамаларын алуға және сақтауға арналған.



ПЛ-1818 жылыту тақтасы

ПЛ-1818 жылыту тақтасы температура мен қыздыру уақытын бақылау кезінде ерітінділер, қоспа, сынамалар мен үлгілерді термиялық өңдейді.



Зертханалық електер

Зертханалық електер сусымалы материалдарды електен талдауға, яғни олардың астық құрамын анықтауға және бөлшектердің мөлшері бойынша фракцияларға бөлуге негізделген.



pH-метр/иономер ИТАН


pH-метр/иономер ИТАН сутегі көрсеткішін (PH), тотығу-тотықсыздану потенциалын және потенциометрия әдісімен түрлі ерітінділердегі, сулардағы және азық-түлік шикізатындағы аниондар мен катиондардың концентрациясын өлшеуге арналған.

Зертханаға Батыргелді Ерденұлы есімінің берілуі – ғалымның ғылымдағы еңбегіне және жас ұрпақ тәрбиесіне қосқан зор үлесіне деген құрмет. Бұл бастама ғылым жолында елеулі із қалдырған ғалымның есімін мәңгі есте сақтап, жас буынға өнеге етуге бағытталған қадам. Жаңа зертхананың ашылуы – ғылымдағы дәстүр жалғастығының, ұстаз еңбегіне құрметтің айқын көрінісі.

Тұрсынкүл БАЗАРБАЕВА,
география ғылымының кандидаты,
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі

Жасанды интеллект (ЖИ) компьютерлік технологияларды дамытудың өнімі ғана емес, сонымен қатар оны түрлендіреді, автоматтандыру, оңтайландыру және инновациялар үшін жаңа мүмкіндік береді. Бұл салада ЖИ пайдалану – бұрын дәстүрлі бағдарламалау үшін тым күрделі немесе уақытты қажет ететін есептерді шешу жолы.

ЖИ ақпаратқа қол жеткізуді жылдамдатады



БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ӘЗІРЛЕУ

ЖИ кәдімгі тапсырмаларды автоматтандыруға және код сапасын жақсартуға көмек беретін әзірлеушілер үшін қуатты көмекшіге айналуға. Кодты аяқтау және жасау: ЖИ негізіндегі құралдар (GitHub Copilot сияқты) мәтін-мәнді талдайды және ашық репозиторийлердегі миллиондаған мысалдар негізінде код опцияларын, бүкіл функцияларды немесе тіпті бүкіл файлдарды ұсынады. Бұл кодтау процесін айтарлықтай жылдамдатады және қателер санын азайтады.

Тестілеу және жөндеу: ЖИ жүйелері сынақ жағдайларын автоматты түрде жасай алады, кодтағы осалдықтар мен қателерді таба алады. Олар бағдарлама әрекетін талдап, қолмен анықтауға қиын ауытқуларды анықтайды.

Өнімділікті оңтайландыру: машиналық оқыту алгоритмдері кодты талдау және өнімділік кедергілерін анықтау үшін қолданылады. ЖИ бағдарламаларды жылдамдату үшін оңтайлы деректер құрылымдарын немесе алгоритмдерді ұсына алады.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

Кибершабуылдардың үнемі өсіп келе жатқан қаупімен ЖИ деректер мен жүйелерді қорғаудың негізгі құралына айналуға. Аномалияны анықтау: ЖИ жүйелері желі трафигі мен пайдаланушы әрекетін үздіксіз бақылай алады. Олар «қалыпты» үлгілер бойынша оқытып, хакерлік шабуылды немесе зиянды бағдарламаны көрсетуі мүмкін ауытқуларды бірден анықтауға қауқарлы. Қауіпті болжау: ЖИ үлгілері болашақ қауіптер мен осалдықтарды болжау үшін өткен шабуылдар туралы деректердің үлкен көлемін талдайды. Бұл ұйымдарға өз жүйелерін қорғау үшін белсенді шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Оқиғаға автоматтандырылған жауап: шабуыл анықталса, ЖИ зақымдалған жүйелерді автоматты түрде оқшаулай алады немесе күдікті IP мекенжайларын блоктады, осылайша зақымдануды азайтады.

МӘЛІМЕТТЕР ЖӘНЕ МӘЛІМЕТТЕР ҚОРЫН БАСҚАРУ

ЖИ үлкен көлемдегі деректерді (Үлкен деректер) өңдеуде, талдауда және басқаруда маңызды рөл атқарады. Дерекқор сұрауын оңтайландыру: ЖИ жүйелері сұрау үлгілерін талдайды және дерекқор құрылымын автоматты түрде оңтайландырады. Бұл ақпаратқа қол жеткізуді айтарлықтай жылдамдатады. Интеллектуалды іздеу: ЖИ қолданатын іздеу жүйелері табиғи тілдегі сұраулардың контекстін түсініп, сәйкес нәтижелерді береді. Бұл құжат немесе электрондық пошта сияқты құрылымдалмаған деректердегі ақпаратты табу үшін ерекше маңызды.

Деректерді автоматты түрде жіктеу: ЖИ деректерді автоматты түрде жіктеп, белгілей алады, бұл ұйымдастыру мен талдауды жеңілдетеді.

ПАЙДАЛАНУШЫ ИНТЕРФЕЙСІН (UI/UX) ӘЗІРЛЕУ

ЖИ интуитивті және жекелендірілген пайдаланушы интерфейстерін жасауға көмектеседі. Мазмұнды жекелендіру: Ұсыныс жүйелері (мысалы, Netflix немесе Amazon) пайдаланушы әрекетін талдауға және сәйкес мазмұнды, өнімдерді немесе қызметтерді ұсыну үшін (ЖИ) пайдаланады. Дауыстық және мәтіндік көмекшілер: ЖИ пайдаланушыларға табиғи тілді пайдаланып жүйелермен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін дауыстық көмекшілер (Siri, Alexa) және чатботтардың негізінде жатыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақпараттық технологияларда ЖИ қолдану осы салалармен шектелмейді. Ол сондай-ақ робототехника, бұлтты есептеулер және басқа да көптеген салаларда белсенді дамып келеді. ЖИ IT мамандарын алмастырмайды, бірақ оларға күрделі мәселелерді шешуге және бұрын-соңды болмаған жылдамдық пен тиімділікпен инновациялық өнімдерді жасауға мүмкіндік беретін жаңа, күшті құралдармен қамтамасыз етеді.

Тиыштық ХАКИМОВА,
Компьютерлік ғылымдар
кафедрасының доценти

Цифрлық қауіпсіздік – болашаққа сенімді қадам



Цифрлық қоғам – ақпаратты өндіру, тарату және пайдалану процестері негізінен цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асатын әлеуметтік орта. Мұнда адамның еңбек етуі, қарым-қатынасы, білім алуы мен демалуы түгелдей дерлік сандық жүйеге тәуелді. Ал ондағы ең басты мәселе – цифрлық қауіпсіздік мәселесін тұрақтандыру.

Цифрлық қауіпсіздік – бүгінгі қоғам үшін ең өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі заманда біз ақпаратты интернет арқылы аламыз, білім іздейміз, жұмыс істейміз, тіпті қаржылық операцияларды да онлайн жасаймыз. Бірақ осы мүмкіндіктермен қатар, кибершабуыл, вирустар, алаяқтық сияқты қауіптер де көбейіп отыр.

Әрбір тұлға үшін цифрлық қауіпсіздікті сақтау – жеке деректерін, құпия сөздерін, жеке өмірін қорғаудың кепілі. Ол үшін қарапайым ережелерді ұстанған жөн: күрделі парольдер қолдану, бейтаныс сілтемелерге кірмеу, әлеуметтік желіде артық мәлімет таратпау, сондай-ақ арнайы қорғаушы бағдарламаларды пайдалану.

Цифрлық қауіпсіздік – тек техникалық мәселе емес, ол мәдениет пен жауапкершілікке де байланысты. Егер әрқайсымыз қауіпсіздік ережелерін сақтасақ, цифрлық орта да сенімді әрі қауіпсіз болмақ. Дегенмен ірі әлемдік цифрлық компаниялардың өзі бұл мәселеде тас-түйін дайын еместігін көрсетеді. Мәселен, қыркүйек айында Google деректерінің қолды болуынан 2,5 миллиард Gmail аккаунтына қауіп төніп тұр. Бұл туралы Қоғамдық қауіпсіздік пен қылмыстық қатерлерді болжау орталығы мен Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті мәлімдеген болатын.

Сарапшылар осы тұрғыда қауіпсіздік бойынша кеңестерімен бөлісіп жатыр. Ол үшін құпиясөзді дереу ауыстыру, қарапайым және қайталанатын нұсқалардан бас тарту; екі факторлы аутентификацияны қосу немесе заманауи қорғау әдістерін (биометрия, PIN) пайдалану; Google атынан келген қоңыраулар мен хабарламаларға сенбеу – олардың көпшілігі алаяқтық болуы мүмкін; қолданбалар мен қосылымдарға берілген рұқсаттарды тексеріп, қажетсіздерін өшіру. Мәселен, елімізде

осыған ұқсас жағдай орын алды. 2025 жылдың 16 маусымы қарсаңында интернетте 16 миллионнан астам қазақстандықтың деректері әшкереленді деген ақпарат пайда болды. Осыған байланысты ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мәлімдеме жасады. Министрлік осы жағдай бойынша құқық қорғау және арнайы органдармен бірлесіп, ұсынылған мәліметтердің шынайылығы мен өзектілігін анықтау мақсатында кешенді тексеру жасады.

Бұл ретте Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті Қазақстанда таралған деректер тізілімі құрылатыны туралы айтылып жүр. Сонымен қатар әрбір азамат өзінің жеке деректерінің таралып кеткенін анықтаса, деректердің таралуына жол берген компаниядан өтемақы талап ете алады. Мәліметтерге қарағанда, қазір мұндай тетік қарастырылмаған. Бірақ киберсақтандыру процесі қолға алынса, деректері тарап кеткен азамат сақтандыру төлемдерін алуға құқылы болады.

Бұл тұрғыда цифрлық қоғамда адамдар өлсіз құпиясөздер және қолданушылардың салғырттығы, фишинг сайттар (сілтемелер), қорғалмаған бағдарламалар мен жүйелер, зиянды бағдарламалар (вирус, троян, ransomware), бұлттық сервис-тердегі қауіптер, инсайдерлік қауіптер, жеткілікті киберсауаттың болмауы кибершабуылға ұшыраудың нақты мысалына айналып отыр. Сондықтан бұл цифрлық сауаттылыққа жеке адамнан бастап, мемлекеттік деңгейде аса мықты қорғаныс орнатпаса, цифрлық алаяқтар мен хакерлік шабуылдардың астында қалуымыз мүмкін. Ал ол жаңа қоғамда өмір сүрудің жаңа ережелері мен сақтық шараларын қатаң ұстануға шақырады. Сондықтан да цифрлық қоғамда адам ақпаратқа еркін қол жеткізу, қашықтан білім алу мен жұмыс істеу, жаңа мүмкіндіктерді пайдалану беріледі, бірақ сонымен бірге жеке деректерін қорғау, киберқауіпсіздік ережелерін сақтау және сандық ортада этикалық жауапкершілікпен әрекет ету міндеті жүктеледі.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Философия кафедрасының
аға оқытушысы

Жанел БҮРКІТБАЙ,
1-курс магистранты

Тарихы тұғырлы, білімі ғұмырлы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарихында 1985 жылдан бүгінге дейін Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының ұстаздары шетелдік жастарды білімге баулып, түлетіп ұшырып келеді. Қырық жылға жуық уақыт бойы білім әлемінде желкен көріп келе жатқан біздің кафедрамыз бүгінде университеттегі шетелдік жастардың басын қосатын, білім алғысы келетін әрбір шетелдік азаматқа ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай отырып, бағыт-бағдар беруші руханият мекеніне айналып отыр.



1985 жылы мемлекет және қоғам қайраткері, академик, білім ордасының сол кездегі ректоры Ө.Жолдасбековтің бастамасымен ашылған шетелдік азаматтарға арналған дайындық факультетінің де университеттің халықаралық байланысын жетілдіруге, еуропалық білім беру кеңістігіне енуге қосқан толағай үлесі бар.

Шетел азаматтарына арналған Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында Ресей, Қазақстанның жетекші университеттерінен білім алған, шетелдік студенттермен жұмыс істеуде үлкен тәжірибелері бар, Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея, Лаос, АҚШ, Жапония секілді елдерде жұмыс істеп, тәжірибеден өткен филология ғылымының кандидаттары, докторлар, жоғары маманданған оқытушылар жұмыс істейді.

Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов «Адам мен адамды, ел мен елді теңестіретін нәрсе – білім» деген екен. Әлемнің Германия, Испания, Италия, АҚШ, Швейцария, Дания, Франция, Түркия, Жапония, Қытай, Корея, Моңғолия, Вьетнам және басқа да елдерінен қазақ және орыс тілдерін оқу үшін Қазақстанға келген жүзі басқа болғанымен, жүрегі білім мен өнерге құштар, тілі басқа болғанымен, тілегі тоғысқан шетелдік жастар қара шаңырақ ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында бір үйдің баласындай тату-тәтті білім алып келеді. Орта ғасырда өмір сүрген Жүсіп Баласағұн: «Өнер, білім – қос қанаты адамның, осыменен білерсің тілін ғаламның», – деп жазып кеткендей, кафедраның педагогикалық қабілеті жоғары және ұстаздық өресі биік оқытушы-профессор құрамы әр

жастың жүрек қалауын терең зерделеп, оқуға деген қызығушылық танытқан азаматтардың таным көкжиегін кеңейту бағытында үлес қосып келеді. Шетелдік студенттерді қазақ және орыс тілдерін меңгеруге ынталандырып, әртүрлі деңгейдегі білімге деген сұраныстарын қанағаттандырып, тіл үйретіп, кәсіби әрі шебер білім беру әлемінде жоғары деңгейде аянбай еңбек етуде.

Ұлттың дамуы – білім құндылықтарынан бастау алады десек, осыдан қырық жыл бұрын бой көтерген бұл кафедра бүгінде шетелдік жастарға лайықты білім беріп, тәрбиелейтін университетіміздегі беделді кафедраның біріне айналды.

Зерделі ғалымдарымыз бен білікті оқытушыларымыздың арқасында кафедрамыз көптеген мемлекеттердің елшіліктері, жоғары оқу орындары және білім беру орталықтарымен берік ынтымақтастық құрып, жемісті еңбек етуде.

Кафедра қырық жыл ішінде талай асудан, күрделі кезеңдер мен қилы жолдардан өтті. Осы жылдар ішінде мыңдаған шетелдік жастар білім алып, қияға қанат қақты. Кафедра түлектері таяу және алыс шетелдерде жемісті қызмет етуде.

Кафедраға табысты да мақсатты дамуды, дәстүр жалғастығын, абырой-беделі мен мәртебе-мерейінің асқақтай түсуін, ұстаздарға рухани күшқуат, шығармашылық белсенділік және табысты еңбек, ал студенттерге білім жолында шыдамдылық пен зор жігер тілеймін!

Айгүл СӘДЕНОВА,
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Қазақстанда әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының басын қосатын VIII съезі өтті. Кезекті басқосу тақырыбы «Діндер диалогы: болашаққа синергия» деп аталып, өткен жиындардың осы аралықта не бергенін талдай отырып, болашаққа көз тігу, ортақ мәселелерді шешу жолындағы талпыныстар жасалды. Жиынға 60-қа жуық елден делегация келді. Съезд аясында мынадай іс-шаралар ұйымдастырылды: Жас дін көшбасшыларының II форумы және БҰҰ Өркениеттер альянсының қамқорлығымен діни нысандарды қорғау жөніндегі арнайы сессия.

Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары бас қосты

Съездің көздеген мақсаты ауқымды. Оны бірнеше қырынан түсіндіруге болады. Бұл айтулы шараның тәуелсіз Қазақстан жерінде өткізілуі халықаралық аренада еліміздің бейбітшіліксүйгіш ұстанымын дәріптейді, жер бетінде татулық, рухани келісім, тұрақтылық орнатуды кеңкөлемді насихаттайтынын ұқтырады. Бұл, бір жағы, өркениетті қоғамның басты талабына айналып отыр. Жасыратыны жоқ, ірі діни жетекшілер өз қауымдастықтарында үлкен рухани ықпалға ие. Сондықтан олардың бейбітшілікке, толеранттылыққа және өзара сыйластыққа негізделген диалог орнату үшін жиналуы бұқараға трансформациялық әсер етуі мүмкін.

Конфессияаралық диалог дінді қақтығыстарға негіз етпеуді ұғындырып, бейбітшілік құралы ретінде көрсетеді. Бұл дін атын жамылған зорлық-зомбылық пен өшпенділік әрекеттерінің алдын алады әрі түрлі конфессия қауымдастықтары арасында достық көпірін орнатады. Діни жетекшілер арасындағы тікелей байланыс, бір үстелдің басында бас қосып, пікір алмасуы – әртүрлі сенім жүйелері туралы стереотиптер мен жалған ақпаратты жоюдың ең тиімді әдістерінің бірі. Бұл диалог әрбір діни дәстүрдің тереңдігі мен әртүрлілігін жете түсінуге ықпал етеді. Көшбасшылар өздерінің сенімі және тәжірибелерімен бөлісуге, сонымен қатар басқа діндер туралы тікелей білуге мүмкіндік алады. Бұл процесс надандықтан туындайтын қорқыныш пен күдікті азайтады және эмпатия мен өзара сыйластықты қалыптастырады. Анығында, жаһандық не аймақтық түйткілдер, атап айтқанда климаттың өзгеруі, кедейлік, көші-қон және адам құқықтарының бұзылуы сияқты келеңсіздіктер бір ғана дін немесе мемлекет шешетін мәселе емес. Діни көшбасшылардың бірігуі ортақ моральдық негізге және осы мәселелер бойынша ынтымақтастыққа мүмкіндік береді. Барлық діндердің негізінде жатқан әділеттілік, жанашырлық және адамдық қадір-қасиетті құрметтеу сияқты әмбебап құндылықтар осы міндеттерді шешу үшін бірлескен іс-қимыл жоспарларын әзірлеуде күшті ынталандыру бола алады. Қазіргі күні өзіміз куә болып отырғандай, әлемнің кейбір бөліктерінде діни азшылықтар қысым мен кемсітушілікке ұшырап жатады. Діни көшбасшылар арасындағы диалог бұл мәселелерді халықаралық деңгейде шешуге мүмкіндік береді. Діни бостандық пен



азшылықтардың құқықтарын жақтайтын түрлі конфессиялар көшбасшыларының біртұтас үні, ортақ декларациясы осы құқықтарды қамтамасыз етуге көмектесу үшін үкіметтер мен халықаралық ұйымдарға ықпал ете алады. Қазақта «Ат кісінескенше, адам түсініскенше» деген жақсы сөз бар. Яғни барлық жақсы істер әуелі жатырқамай жақын келуден, тосырқамай тілдесуден, сыпайы мәміле мен ымыраластықтан басталады. Диалогты тек «басқаны» түсіну деп қана қабылдамау қажет. Өзге наным-сеніммен бетпе-бет келу және өз сенімін басқаларға түсіндіру адамның өзінің діни болмысы мен сенімінің негізгі қағидаттары туралы тереңірек ойлануына мүмкіндік береді. Бұл процесс ешкімнің сеніміне күмән келтірмейді, керісінше, оның неғұрлым берік және ақпараттандырылған негізде қалыптасуына ықпал етеді. Адамға өз сенімін тереңірек зерттеу рухани өсуге әкеледі. Бұл тұрғыда диалог жүргізуге мұсылмандардың да мүдделі екенін түсіну қажет. Себебі ислам дінін қате түсінудің, оны терроризммен шендетіру түсініктері әр елдерде кездесіп әрі шошынуға себеп болып отырғандықтан, әлемдегі мұсылман діні өкілдері де диалогтың тең қатысушысы ретінде дін мазмұнын дұрыс түсінуге жол ашып, бейбітшілікке қол жеткізу бастамаларына атсалысуы тиіс. Сондықтан диалог жүргізу үшін ықпалды діни көшбасшылардың басқосуы дипломатиялық сыпайылық әрекеті ғана емес, жаһандық бейбітшілік пен адамзаттың ортақ болашағы үшін стратегиялық қажеттілікке жатады.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезд отырыстары әр үш жыл сайын – 2003, 2006, 2009, 2012, 2015, 2018, 2022 жылдары Қазақстанда ұйымдастырылды. Жоғары деңгейде өткен бұл съездерге әлемнің Шығыс, Батыс, Еуропа мемлекеттері мен Африка құрлығынан көптеген делегация өкілдері, аты танымал

беделді діни лидерлер, мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты. Әр съезд аясында әлем үшін маңызды ірі тақырыптар таңдалып, талқылауға ұсынылды. Мәселен, бұған дейінгі VII съездің басты тақырыбы «Пандемиядан кейінгі кезеңде адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің рөлі» ретінде таңдалған. VII съезд соңында декларация мәтінін таныстырған Англичан шіркеуінің арнайы өкілі, Доркинг епископы Джо Бейли Уэллстің түсіндіруінше, декларация бүкіл әлемдегі билікке, саяси көшбасшыларға, дін қайраткерлеріне, тиісті өңірлік және халықаралық ұйымдарға, азаматтық қоғам институттарына, діни бірлестіктер мен жетекші сарапшыларға беріледі. Сондай-ақ БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-ші сессиясының ресми құжаты ретінде таратылады. Бұның өзі де Қазақ елін әлемге жақсы жағынан танытатын оң имидж болатынын аңғартады. Елге бөлінетін инвестицияларға жол ашу, туристік жаңа мүмкіндіктердің қарастырылуы, жастардың шетелге бару мүмкіндіктерінің жаңа бағыттары, яғни қауіпсіз елдердің қатарынан жастар қабылдау қай елге болса да, сенім квотасын беретіні анық.

Қазіргі әлемнің күрделілігі бейбітшіліктің енді жай қарапайым ұғым емес, көпқырлы және тұрақты күш-жігерді қажет ететін процесс екенін көрсетеді. Бұл тұрғыда бейбітшілікке шақыратын бастамалар қазіргі кикілжіңдерге жауап беріп қана қоймай, болашақ қақтығыстардың алдын алу үшін қажетті әлеуметтік және мәдени инфрақұрылымды да қалыптастырады. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан бастамасымен ұйымдастырылған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің тұрақты съезі бейбіт әлемге қарай бағытталған нақты қадам.

Айнұр ҚҰРМАНАЛИЕВА,
Құдайберді БАҒАШАРОВ

С 8 по 9 сентября на базе КазНУ им. аль-Фараби проведен Международный форум «Space Days Kazakhstan - 2025», организованный Министерством цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности.

Международный форум «Space Days Kazakhstan - 2025»



ленность, которые формируются в Казахстане, могут стать одним из направлений прорыва в сфере высоких технологий.

Особое внимание на Международном форуме «Space Days Kazakhstan - 2025» уделялось вопросам спутникостроения и подготовке высококвалифицированных специалистов в аэрокосмической сфере. В рамках программы рассматривались вопросы: «Как подготовить новое поколение космических лидеров. Космический климат и его влияние на технологическую инфраструктуру. Интеграция государств в космической сфере и др.» В рамках форума состоялась ярмарка вакансий для молодых специалистов, интересующихся вопросами космических исследований.

Глубокий прорыв в научно-техническом прогрессе, включение результатов космических исследований и самых разнообразных перспектив

космонавтики в промышленное производство имеют огромную экономическую миссию. Многие отрасли экономики Казахстана уже получают и имеют огромное количество разработок научно-технического характера, используя их из космонавтики. В настоящее время Республика Казахстан имеет тесные контакты и соответствующие международные договоры по освоению космоса со многими странами. Этот процесс будет развиваться и дальше, способствовать дальнейшему укреплению сотрудничества с космическими странами на основе широкого международного взаимодействия и обмена опытом с государствами-разработчиками ракетно-космической техники.

Дана БАЙТУКАЕВА,
доктор PhD, спикер
международного форума,
зам.заведующей кафедры
международного права



Партнёрство науки и производства

На кафедре физической химии, катализа и нефтехимии КазНУ имени аль-Фараби продолжается развитие стратегического партнёрства с ТОО «Лукойл Лубрикантс Центральная Азия» — одним из ведущих отечественных предприятий в сфере производства смазочных материалов. Сотрудничество охватывает широкий спектр направлений: образовательные программы, организация производственной практики для студентов, а также содействие их профессиональной ориентации и адаптации. На сегодняшний день взаимодействие реализуется не только в формате студенческих стажировок, но и в виде совместных научных проектов и консультационной поддержки в области современных технологий переработки нефти и получения смазочных материалов.

тра по обучению и адаптации данного производства, в ходе которой были определены ключевые мероприятия, реализуемые в рамках партнёрства в текущем учебном году. В этом контексте важное значение имеет интеграция учебного процесса с практикой на производственной базе. Совместное учебное производство с производственной практикой позволяет повысить профессиональные компетенции будущих специалистов и адаптировать их к реальным требованиям современного производства. Студенты получают возможность наблюдать за решением проблемных ситуаций непосредственно в производственной среде, приобретая практические навыки и опыт.

На встрече также был всесторонне рассмотрен вопрос внедрения дуальной системы обучения для студентов образовательной программы «6В05314 – Нефтехимия и химмотология». Эта инициатива направлена на объединение теоретических знаний с производственной практикой и подготовку востребованных специалистов для рынка труда. При реализации в скором будущем Модель дуального обучения совместно с ТОО «Лукойл Лубрикантс Центральная Азия», — это эффективный путь к формированию поколения высококвалифицированных инженеров и технологов, способных решать актуальные задачи нефтехимической и перерабатывающей отрасли. Также дуальное обучение снижает затраты на переобучение и ускоряет включение выпускников в работу, а предприятие получает молодых специалистов, уже знакомых с производством и корпоративной культурой.

Таким образом, партнёрство университета и производства не только обеспечивает взаимовыгодное сотрудничество, но и вносит значительный вклад в развитие науки и экономики страны.

Фатима КАНАПИЕВА,
и.о.доцента кафедры
физической химии,
катализа и нефтехимии

В своём недавнем Послании народу Казахстана Глава государства особо отметил важность отказа от сырьевой зависимости и перехода к экономике с высокой добавленной стоимостью. По его словам, стране необходимо сосредоточиться на глубокой переработке сырья и выпуске конкурентоспособной продукции. Для достижения этих целей ключевыми являются эффективное взаимодействие науки, высшего образования и производственного сектора.

Партнёрство КазНУ и ТОО «Лукойл Лубрикантс Центральная Азия» — яркий пример успешной интеграции академической и промышленной среды, способствующей подготовке высококвалифицированных специалистов, востребованных в условиях новой индустриализации Казахстана. В начале нового учебного года состоялась встреча с участием специалистов цен-

Расширяя горизонты научного сотрудничества

В конце учебного года в Урумчи, административном центре Синьцзян-Уйгурского автономного района Китайской Народной Республики, состоялось важное международное событие — Симпозиум по сотрудничеству в сфере «Индустрия-Университет-Наука-Практика» между Китаем и странами Центральной Азии, а также симпозиум по вопросам международного взаимодействия и высококачественного развития энергетического сектора.



мероприятии приняли представители аль-Фараби Казахского национального университета, а также делегации Самаркандского государственного университета и Академии наук Узбекистана. В ходе торжественного открытия конференции прозвучали приветственные слова от представителей Народного правительства СУАР и руководства ведущих университетов стран Центральной Азии. Программа включала пленарные заседания и работу тематических секций по вопросам развития партнерства между университетами и промышленными предприятиями в области энергетики, реализации совместных научно-исследовательских проектов, академического обмена преподавателей и студентов, а также совершенствования образовательных программ в области

физики, энергетики и ядерной инженерии.

На базе Школы физической науки и технологии Синьцзянского университета прошёл симпозиум, посвящённый международному взаимодействию в энергетическом секторе. В рамках мероприятия учёные из Казахстана, Китая и Узбекистана представили доклады и обсудили перспективы создания совместных лабораторий и научных консорциумов.

Эта поездка не только укрепила позиции университета на международной научной арене, но и открыла новые перспективы для реализации совместных научно-образовательных инициатив в рамках инициативы «Один пояс, один путь».

Нурзада БЕЙСЕН,
профессор, декан физико-технического факультета

От Казахстана участие в

Химия және химиялық технология факультетінің студенттері жыл сайын түрлі кәсіпорындарда өндірістік тәжірибеден өтіп, нақты өндірістік процестермен танысады, заманауи технологияларды меңгереді және теориялық білімдерін іс жүзінде қолданады.

Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының студенттері Алматы облысының жетекші кәсіпорындарының өндірістік алаңдары мен зертханаларында тәжірибеден өтті. Атап айтқанда «Keremet Su SKE» ЖШС («Samal» су өндіру зауыты), «Келун-Казфарм» ЖШС, «Первый Пивзавод» ЖШС және «NeoCarbon» ЖШС компанияларында болды.

Практика барысында студенттер технологиялық процестермен танысып қана қоймай, өз білімін нақты жағдайларда қолдану мүмкіндігіне ие болды. Олар ауызсуды құю, ультракүлгін сәулелендіру арқылы суды

Тәжірибе – кәсіби өсу кепілі

тазарту және залалсыздандыру, сыраның ашыту ерекшеліктері, дәрілік заттарды өндіру мен олардың сапасын бақылау, сондай-ақ күріш қауызының қайта өңделу процестерін зерттеді.

Практиканың маңызды аспектілерінің бірі – химия өнеркәсібінде қолданылатын заманауи технологиялармен танысу болды. Мысалы, «Keremet Su SKE» кәсіпорында студенттер ауызсудың терең тазарту жүйесін зерттеді. Бұл жүйе көпсатылы сүзгіден өткізу мен молекулалық тазартуды қамтып, өнімнің кристалды тазалығын қамтамасыз етеді. Ал «NeoCarbon» компаниясында студенттер күріш қауызының қайта өңделуінің инновациялық әдістерімен танысып, құнды химиялық қосылыстар алу мүмкіндігін зерттеді.

Өндірістік практика сту-



денттердің білім көкжиегін кеңейтумен қатар, олардың болашақ кәсіби мансабына да жаңа мүмкіндіктер ашады. Көптеген кәсіпорындар жас мамандарды жұмысқа тартуға

мүдделі. Сондықтан тәжірибеден сәтті өткен студенттер болашақта сол компанияларда жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады. Мысалы, бірнеше студент тәжірибеден

кейін кәсіпорындардан тағылымдамадан өтуге шақырту алды, ал кейбіреулеріне оқуын аяқтаған соң жұмысқа орналасу ұсынылды.

Мұндай өндірістік тәжірибелер университеттер мен өнеркәсіптік кәсіпорындар арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді. Осы ынтымақтастықтың арқасында оқу үдерісіне заманауи технологиялар енгізіліп, компаниялар өз саласының болашақ мамандарымен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады.

Факультет кәсіпорындармен әріптестікті кеңейту бағытында жұмысын жалғастыруда. Келесі жылы серіктес компаниялардың тізімі жаңа өндірістермен толықтырылуы ықтимал. Бұл студенттерге технологиялардың кең ауқымымен танысып, өздерінің болашақ кәсіби бағытын таңдауға мүмкіндік береді.


Қанат БЕКНАЗАРОВ,
Аналитикалық,
коллоидтық химия және сирек
элементтер технологиясы
кафедрасының оқытушысы

Елдің болашағы саналатын жастардың сапалы білім алуы – ұлттық дамудың басты кепілі. Осындай маңызды миссияны жүзеге асырып жатқан Қазақ ұлттық университетінің тарих-география бағытында маман-кадрларды даярлауда айрықша орны бар. Жастар бұл оқу ордасын тектен-текке таңдап отырған жоқ, себебі тарих пен география пәндерінің үйлесімі білімнің кең ауқымын ашып, келешек мамандарға өз қабілетін толық көрсетуге мүмкіндік береді.

Тарих пен география – өзара тығыз байланысты ғылымның екі саласы. Тарих ғылымы адамзаттың өткенін зерттесе, география өткеннің, оқиғаның орын алған табиғи және әлеуметтік ортасын сипаттайды. Осы екі пәннің сабақтастығы арқылы тарихи процестерді әрі кеңірек, әрі жан-жақты түсінуге болады. Мысалы, ұлт-азаттық көтерілістерінің орын алуы көбіне белгілі бір географиялық жағдайларға, табиғи ресурстарға, экономикалық және стратегиялық маңызға байланысты болады.

Біз ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық көтерілістерге арнап карта жасадық. Бұл картада тарихи объектілер мен географиялық орындардың ара-

Цифрлық тәсілдер арқылы жасалған карта



сындағы байланыс нақты көрсетілді. Картада көтерілістердің негізгі орталықтары, маңызды шайқас орындары мен әкімшілік шекаралар бейнеленіп, оқиғалардың географиялық таралуы анық байқа-

лады. Мұндай визуализация тарихи процестерді тереңірек түсінуге, олардың кеңістіктегі орналасуын бақылауға жол ашады.

Қазіргі заманда цифрлық технологиялардың дамуы гео-

графия мен тарихты зерттеуде жаңа мүмкіндікке соқпақ салуда. Онлайн карта бағдарламалары мен ГИС (Географиялық ақпараттық жүйелер) технологиялары тарихи оқиғалар мен географиялық мәліметтерді

біріктіруге, оларды интерактивті түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл әдістер зерттеушілер мен студенттерге тарихи-географиялық мәліметтерді жүйелеуге, талдауға және визуализациялауға көмектеседі. Сонымен қатар цифрлық технологиялар тарихи картографияның дәстүрлі тәсілдерін жаңартып, білім беру мен ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Осындай заманауи тәсілдерді қолдана отырып, тарихи тақырыптарға арналған картаны жасап, оны практикалық зерттеуде қолдандық. Бұл жұмыс тарих пен географияның ауқымын біріктіріп, тарихи оқиғалардың кеңістіктік және уақыттық байланыстарын көрсетуге жол ашты. Сондықтан қазіргі зерттеулерде цифрлық технологияларды пайдалану тарихи білімді тереңдетуге және оны тиімді жеткізу үшін өте маңызды.

Тарих пен географияны меңгерген жастардың еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосар үлесі зор. Олар мемлекеттің мәдени-рухани құндылықтарын сақтап, табиғатты қорғауға, аймақтық даму стратегияларын әзірлеуге атсалысады. Осы орайда, ҚазҰУ-дың тарих-география факультеті Қазақстанның болашағы үшін қажетті мамандарды даярлау бойынша маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Алинұра СЕМБИЕВА,
2-курс магистранты
Сәуле ҮДЕРБАЕВА,
доцент

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.